

Ақмола облысы Зеренді ауданы Ақкөл ауылының, Молодежное ауылының көшелерін қайта атау туралы

Ақмола облысы Зеренді ауданы Ақкөл ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 19 қарашада № 6840 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып және Ақмола облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 18 сәуірдегі қорытындысы негізінде , Ақкөл ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақмола облысы Зеренді ауданы Ақкөл ауылының, Молодежное ауылының көшелері қайта аталсын:

1) Ақкөл ауылы:

Мира көшесін Бейбітшілік көшесіне;

Строительная көшесін Құрылысшылар көшесіне;

2) Молодежное ауылы:

Степная көшесін Жайлау көшесіне;

Алматинская көшесін Алматы көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақкөл ауылдық
округінің әкімі*

Ж.Қалабаев